



Бағалы қағаздар және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірін беру эмиссиясын тіркегені үшін алынатын алым төлеу тәртібі туралы N 35 Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсан N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 1 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 426. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Бағалы қағаздардың эмиссиясын және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық сәйкестендіру нөмірін беруді тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы" N 35 Нұсқаулығын бекіту Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1 V970426_ бұйрығы. -----

ЕСКЕРТУ. Нұсқаудың тақырыбы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386 V990993_ бұйрығымен.

Осы Нұсқау Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ Заңының, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Z970077_ Заңының, "Мемлекеттік және мемлекет кепілдеме берген қарызға алу мен қарыз туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Z990464_ Заңының негізінде шығарылады. <*>

ЕСКЕРТУ. Нұсқаудың кіріспесі жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386 V990993_ бұйрығымен.

I. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар ретінде, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекет эмиссиялайды. Мұның өзінде, уәкілеттік берілген мемлекеттік орган ұлттық ұқсастыру нөмірін береді.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың эмиссиясы уәкілетті органда міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Акционерлік қоғамдардың - банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру ұйымдарының, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың, бағалы қағаздар саудаластықтарын ұйымдастырушылардың, инвестициялық қорлардың, жинақтама зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар мен Орталық Депозитарийдің барлық акцияларының эмиссиясы міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. 2-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда мына акциялардың эмиссиясы мемлекеттік тіркеуге жатпайды:

заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, акционерлік қоғамдардың тұрпатына қарамастан олардың акцияларының бастапқы эмиссиясы;

жабық акционерлік қоғамдар акцияларының кейінгі эмиссиясы;

ашық акционерлік қоғамдардың жабық немесе жеке әдіспен орналастырылатын акцияларының кейінгі эмиссиясы.

4. Ашық орналастыруды жүзеге асыратын ашық акционерлік қоғамдар және 2-тармақта көрсетілген қоғамдар акцияларының эмиссиясын мемлекеттік тіркеудің тәртібі мен рәсімін уәкілеттік берілген орган белгілейді.

5. Акционерлік қоғам акцияларын кез-келген әдіспен орналастыруға акциялардың сол эмиссиясында уәкілеттік орган берген ұлттық ұқсастыру нөмірі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

6. Осы Нұсқауда пайдаланылатын ұғымдар:

Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Президенті тікелей уәкілеттік берген және соған есеп беретін, бағалы қағаздар рыногында қалыптасатын қарым-қатынастарды мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын, мемлекеттік орган болып табылатын Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;

бағалы қағаздың атаулы құны - бағалы қағазды шығару кезінде анықталған оның құнының ақшалай көрінісі:

эмиссия - бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру:

эмитент - бағалы қағаздарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шығаруды жүзеге асыратын және бағалы қағаз иелері алдында өз атынан міндеттеме алатын заңды тұлға.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1 бөлім жаңа редакцияда жазылды және I-ҮІ бөлімдер II-ҮІІ бөлімдер, 1-5-тармақтар 7-11-тармақтар, 7, 8-тармақтар 17, 18-тармақтар деп есептелді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_

бұйрығымен.

II. АЛЫМ ТӨЛЕУШІЛЕР

7. Бағалы қағаздар және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірін беру эмиссиясын тіркегені үшін алым төлеушілер олардың эмиссиясын жүзеге асыратын заңды тұлғалар болып табылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_

бұйрығымен.

III. АЛЫМ АЛУ ОБЪЕКТИЛЕРІ

8. Бағалы қағаздар эмиссиясын және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірін беру тіркегені үшін алым алу объектісі барлық бағалы қағаздардың бастапқы және қосымша бір эмиссия (бастапқы немесе кейінгі, соның ішінде сот шешімі бойынша акциялардың қосымша эмиссиясы) эмиссия кезіндегі жалпы нақты құны болып табылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_
бұйрығымен.

IV. АЛЫМ СТАВКАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

9. Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін алым бір эмиссияның бағалы қағаздарының жалпы атаулы құнынан былай төленеді:
бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын тіркеу кезінде 0,1 процент

мөлшерінде;

бағалы қағаздардың кейінгі эмиссиясын тіркеу кезінде (соның ішінде сот шешімі бойынша акциялардың қосымша эмиссиясы) 0,5 процент мөлшерінде;

мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру кезінде 0,1 процент мөлшерінде.

<*>

10. Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы бойынша алым төленбейді.
ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_
бұйрығымен.

V. АЛЫМ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ

11. Төлем жасаушылар бағалы қағаздардың және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру жалпы нақты құнын және алым ставкаларын негізге ала отырып, алым сомасын дербес есептеп шығарады.

<*>

Алым сомасы бағалы қағаздар эмиссиясының әрқайсысы бойынша бөлек есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың бірінші абзацы толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_
бұйрығымен.

VI. АЛЫМ ТӨЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

<*>

12. Алым сомасы "Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін алым сомасының есебіне" сәйкес (1-қосымша) анықталады және салық төлеушінің тіркелу орны бойынша төленеді. Алым төленгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде эмитент аталған есепті салық органына табыс етуге міндетті. Бұл есепті бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеуден және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беруден бас тартылған алым төлеушілер де табыс етеді.

13. Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру кезінде эмитент уәкілетті органға тиесілі алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат (төлем тапсырмасының квитанциясы немесе көшірмесі) табыс етуге міндетті.

14. Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеуден және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беруден бас тартылған жағдайда, төленген алым қайтаруға жатпайды және бағалы қағаздардың эмиссиясын кейінгі тіркеу кезінде немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін кейінгі беру кезінде есепке алынады.

15. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, бағалы қағаздардың эмиссиясы болған жоқ деп танылған жағдайда, бұрын төленген алым қайтарылмайды және бағалы қағаздардың кейінгі эмиссиясы кезінде есепке алынбайды. Бұрын болған жоқ деп танылған бағалы қағаздардың эмиссиясын қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін қайта беру кезінде алым салық заңдарында көзделген ставкалар бойынша төлеуге жатады.

16. Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін алымды жинау жөніндегі декларацияны алым төлеушілер аумақтық салық органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін, осы Нұсқауға 2-қосымшада келтірілген нысан бойынша табыс етеді.

ЕСКЕРТУ. VI бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс

министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_

бұйрығымен.

VII. ТӨЛЕУШІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ
АЛЫМ ТӨЛЕУГЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

17. Бағалы қағаздар және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық ұқсастыру нөмірін беру эмиссиясын тіркегені үшін алымның бюджетке толық және уақытылы төлеуіне төлеуші жауап береді. Алымды есептеу мен төлеудегі тәртіп бұзушылық үшін төлеушілерге қолданылып жүрген салық заңдарына сәйкес санкциялар қолданылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі
1999.11.17. N 1386

V990993_

бұйрығымен.

18. Алымды дұрыс есептеуге және уақытылы төлеуге бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдары жүзеге асырады.
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Әдістеме Кеңесімен келісілген

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің
N 35 Нұсқауына
1 қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. 1 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386

V990993_
бұйрығымен.

(Салық төлеушінің атауы)

(аудан, қала)

(СТТН)

(облыс)

_____ бойынша Салық комитеті

_____ үшін бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және
(жылы, айы)

мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының
ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін алым сомасының есебі

Көрсеткіш

Сомасы
(мың теңге)

1. Бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясының
атаулы құны

2. Бағалы қағаздардың кейінгі эмиссиясының
атаулы құны

3. Бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын
тіркеу үшін алым сомасы (1-жол x 0,1%)

4. Бағалы қағаздардың кейінгі эмиссиясын
тіркеу үшін алым сомасы (2-жол x 0,5%)

5. Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын
акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру
нөмірін беру үшін алым сомасы:

- а) акциялардың бастапқы эмиссиясы
(1-жол x 0,1%);
б) акциялардың кейінгі эмиссиясы (2-жол x 0,1%);
в) барлық алым сомасы (5а жол - 5б жол).

б. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін барлық алым сомасы (3-жол+4-жол+5в жол)

Басшы _____
(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(аты-жөні) (қолы)

Мөр орны

Салық органының басшысы _____
(аты-жөні) (қолы)

Бөлім бастығы _____
(аты-жөні) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
N 35 Нұсқауына
2 қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. 2 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999.11.17. N 1386
V990993_
бұйрығымен.

(Салық төлеушінің атауы)

(аудан, қала)

(СТТН)

(облыс)

_____ бойынша Салық комитеті

Тапсырылған күні _____

_____ жыл үшін бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірі беру үшін алым жөніндегі декларация

Көрсеткіш

Сомасы

(мың теңге)

1. Бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясының атаулы құны

2. Бағалы қағаздардың кейінгі эмиссиясының атаулы құны

3. Бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын тіркеу үшін алым сомасы (1-жол x 0,1%)

4. Бағалы қағаздардың кейінгі эмиссиясын тіркеу үшін алым сомасы (2-жол x 0,5%)

5. Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін алым сомасы:

а) акциялардың бастапқы эмиссиясы (1-жол x 0,1%);

б) акциялардың кейінгі эмиссиясы (2-жол x 0,1%);

в) барлық алым сомасы (5а жол - 5б жол).

6. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық ұқсастыру нөмірін беру үшін барлық алым (3-жол+4-жол+5в жол)

7. Бюджетке алым сомасы аударылды

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі
Біз осы декларацияда келтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін заң алдында жауап береміз.

Басшы _____
(аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(аты-жөні) (қолы)

Мөр орны
Декларация жасау жөнінде
қызмет көрсеткен аудитор _____
(аты-жөні, СТТН) (қолы)

Мөр орны
Салық органының басшысы _____
(аты-жөні) (қолы)

Бөлім бастығы _____
(аты-жөні) (қолы)

